



## 2022 – 2023 оқу жылының «Мұрагер» пікір сайыс клубының есебі

Білім алушыларды интеллектуалдық және тұлғалық дамыту, клуб мүшелерінің сын тұрғысынан ойлау, коммуникативтік дағдыларын дамыту, дін, өнер, қоғам және т.б. тұрғысынан қазіргі әлемнің түрлі мәселелерін қарастыру арқылы шешендік өнердегі қабілеттерін іске асыру мақсатында «№79 НОМ» КММ қабырғасында «Мұрагер» пікір сайыс клубы жасақталды. Құрам мүшесіне 9А сынып оқушылары Есжанов Аян, Есжанова Нурай, 9Б сынып оқушылары Вертман Алина, Елинский Святослав, Абдуллаев Синан, Юртаев Александр, Хачатрян Хачатур 8А сынып оқушылары Такирбаев Рауан, Қыдырәлі Саят, 8Б сынып оқушылары Аманжолов Дамир, Рудой Тимофей, Пупышева София, Скворцова Милена, Машенцова Милена кірді. Дебат клубы құрамымен отырыс ұйымдастырылып, Жалпыұлттық пікір сайыс қозғалысының тұжырымдамасы, жоспары, мақсаты мен міндеттері оқушыларға түсіндіріліп, клуб мүшелері де өз ойларын ортаға салды. 2022 – 2023 оқу жылы барысында «Республика күні», «Қоғамдық тәртіп негіздері», «Конституциялық мемлекет», «Мектеп қабырғасындағы буллинг» тақырыптарында пікір сайыс ойындары ойналды. Қалалық деңгейде «Ұшқыр ой алаңы» пікір сайыс ойындарында белсенділік танытты.